



Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

1946 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Бірінші сессиясы 1946-1950 жж. аралығын қамтитын халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамытуға арналған бесжылдық жоспар қабылдады.

1946 жылы Конституцияға сәйкес КСРО қоғамдық және саяси ұйымдары қалпына келтірілді. Халық Комиссарлары Кеңесі енді Министрлер Кеңесі болып, ал Халық Комиссариаттары министрліктер болып қайта құрылды.

Алайда «суық-соғыстың» басталуы елдің ішкі саяси өміріне де әсер етті. 1946 жылы жазда ұсақ буржуазиялық жекеменшілдікке және «шетелдік ықпалға» қарсы күресу науқаны басталды.

1946 жылы 14 тамызда «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы партияның Орталық Комитеті қаулы қабылдады. Бұл журналдардың біріншісі жауып тасталынды, екіншісіне кеңес өмір салтына жат идеологияны насихаттағаны үшін сөгіс жарияланды. А.Ахматова мен М.Зощенконың шығармалары қатаң сынға алынды.

Кейінірек «формалист-композиторларға» қарсы науқан басталды. Олардың қатарына С.Прокофьев, А.Хачатурян, Д.Шестоквич және Н.Мясковский жатқызылды.

Соғыстан кейінгі көңілсіз жайттың келесі әрекеті «Ленинград ісі» болды. Бұл Ленинградтың бірқатар көрнекті партия, кеңес және шаруашылық қайраткерлеріне қарсы ұйымдастырылған істердің тобы болды.

1952 жылы күзінде «Дәрігерлер ісі» туды. 1953 жылы 13 қаңтарда «Зиянкес-дәрігерлер тобының қамауға алынуы» деген тақырыппен ТАСС хабары жарияланды. Онда дәрігерлер А.Ждановтың сырқатын пайдаланып, теріс емдеу әдістерін белгілеген деп айыпталды.

1952 жылы қазанда партияның XIX съезі болып, ол партияның атын БК(б) П дегенді өзгертіп, Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы деп атады.

1953 жылы 5 наурызда Сталин қайтыс болды. 1953 жылы қыркүйекте өткен пленумда Н.С.Хрущев КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Орталықтың, ал кейбір жағдайда бірінші хатшының өзінің бастамасы бойынша бұл кезде жерді республикалар арасында шұғыл түрде қайта бөлісу жүріп жататын. Өзбекстан Тәжікстанға 50 млн. гектардан астам, Қазақстан Өзбекстанға 3,5 млн. гектар жерін берді. РКФСР Украинаға Қырымның аумағын түгел берді. Бұл әрекеттердің бәрі берілетін аймақтар тұрғындарының келісімінсіз және олардың ашық талқылауынсыз жүргізілетін.

50-жж. екінші жартысы мен 60-жж. бірінші жартысы ғылымның, ғылыми-техникалық дамудың жедел қарқын алуы тән сипат болды. КСРО ғарыш кеңістігін игеру жолына түсті, атом энергиясын бейбіт мақсаттарға қолдану басталды, химия өнеркәсібі қарыштап дамыды.

1964 жылы 14 қазанда КОКП-ның пленумында Н.С.Хрущевті елдегі ұжымдық басқарудың принциптерін бұзғаны және Қытаймен арадағы қатынасты ушықтырғаны үшін қызметтен босатты. КОКП ОК-нің Бас хатшысы болып Л.И.Брежнев сайланды.

Өкімет билігіне келген Л.И.Брежнев бастаған партиялық-әкімшілік топ өзінің саяси және әлеуметтік-экономикалық бағытын жүргізуге кірісті. 1965 жылы экономикалық реформа 1965

жылдан 1970 жылға дейінгі сегізінші бесжылдық жылдарында өзін неғұрлым табысты түрде көрсетті. Өнеркәсіп өндірісі 50% өсті. Мың тоғыз жүздей ірі кәсіпорындар салынды, олардың қатарында Тольяттидегі Волга автозауыты да бар. 1970 жылы осы зауыт алғашқы «жигулилерді» шығара бастады. Ауыл шаруашылығы өндірісі 20% өсті. Кеңес адамдарының материалдық әл-ауқаты жақсарды. Теледидарлар, тоңазытқыштар, радиқабылдағыштар күнделікті өмірге енді. Тұрғын үй құрылысы қарқын алды.

1982 жылы 10 қарашада Л.Брежнев қайтыс болды. КОКП Оталық Комитетінің Бас хатшылығына Ю.В.Андропов сайланды. Ол өндірісті интенсификациялау ісін тездету, кәсіпорындардың дербестігі туралы мәселені шешуге көшу туралы талаптар қойды. Мектеп реформасын әзірлей бастады. 1984 жылы ақпанда Ю.Андроповтың өлімі оның өз идеяларын іс жүзінде орындалуына бөгет болды.

КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы қызметіне К.Черненко сайланды.

1985 жылы наурызда К.Черненконың қазасынан кейін Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы болып М.С.Горбачев сайланды. Қоғамның барлық жақтарын, оның экономикалық негізін, әлеуметтік өмірін, саяси құрылымын жаңарту қажеттілігі туды. Кеңес қоғамында көптеген реформалар басталды. Бұл қайта құру деп аталды.

1986 жылы КОКП-ның XXVII съезі КСРО ұлттық мәселесі толық шешілді деп әдейі мәлімдеме жасады. Алайда көп ұзамай Алматыда желтоқсан оқиғалары орын алды. 1987-1988 жж. Ферғанада, Наманганда, Ош облысында, Сумгаитте ірі қақтығыстар болып өтті.

Ұлттық республикалардың көпшілігінде жікшіл күштер орталықтың әлсіздігін пайдаланып, өз әрекеттерін жандандырды. 1990 жылдың көктемі мен жазында, ең алғашқысы болып Балтық бойы республикалары, Латвия, Литва және Эстония өздерінің ұлттық егемендігін жариялап КСРО-дан бөлініп кетті және ТМД-ға мүше болудан бас тартты.

Ал одан кейін КСРО-ның басқа республикалары, оның ішінде РКФСР ұлттық егемендік туралы Декларация қабылдады, іс жүзінде өздерін одақтық мемлекетке қарсы қойды. Бұл үдеріс «егемендік парады» деп аталды және елді біржолата ыдыратуға жақындата түсті.

1991 жылы 19 тамызда Горбачевтің төңірегіндегі мемлекеттің жоғары қызметтегі адамдары оны қызметтен тайдырып, бүлік шығарды. Олар елдегі тәртіпті қалпына келтіріп, КСРО-ның ыдырауына жол бермейтінін мәлімдеп Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК) құрды.

19 тамыз күні Б.Ельцин ТЖМК әрекетін мемлекеттік төңкеріс деп бағалап, еңбекшілерді жаппай ереуілге шақырды.

1991 жылы 8 желтоқсанда РСФСР, УКФСР және БКСР Беловеж тоғайында Белоруссияның Брест түбіндегі «Вискулидегі» резиденциясында жиналып, КСРО-ның таратылғаны және «Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының» (ТМД) құрылғаны туралы мәлімдеді. 21 желтоқсанда Алматыдағы кеңесте ТМД-ға тағы да 8 республика қосылды.

Республиканың егемендігін жариялауға байланысты енді президентті бүкіл халық болып сайлау қажеттігі туды. Қазақстанда 1991 жылы желтоқсанның 1 күні сайлау өтіп, халықтың 98,78% Н.Назарбаевқа дауыс берді. Желтоқсанның 10 күні салтанатты түрде ант қабылдап, халық сайлаған Президенті ретінде ресми іске кірісті.

1991 жылы 10 желтоқсанда республика атауын өзгерту туралы заң қабылданды. Бұдан былай Қазақстан Республикасы деп аталатын болды.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда бұрынғы КСРО құрамындағы Әзірбайжан, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Армения, Қырғызстан, Украина басшыларының кеңесінде ТМД құру туралы келісімнің хаттамасына қол қойылды.

1991 жылы 25 желтоқсанда М.С.Горбачев ыдыраған мемлекеттің президенті ретінде өзінің қызметін тоқтататындығы жөнінде мәлімдеді. КСРО өзінің өмір сүруін тоқтатты.

1999 жылы 31 желтоқсанда президент Б.Ельцин өзінің қызметтен кететіндігін жариялады. Ол президент міндеттерін уақытша атқарушы етіп үкіметтің төрағасы В.В.Путинді тағайындады. 2000 жылы 26 наурызда президент сайлауы болды. Онда В.В.Путин жеңіске жетіп, Ресей Федерациясының Президенті болып сайланды.

Орталық Азия аумағындағы елдер Біртұтас Орталық Азия кеңістігі одағын құруға мүдделі. Астана-Душанбе-Бишкек 2008 жылы маусым айында Ташкент пен Ашхабадтың шешімін күтпей Орталық Азиялық кеңістік Одағын құруға бел байлады.

2004 жылы наурызда Ресей Федерациясының президент сайлауы болды. 6 кандидат ұсынылды. В.Путин 71,2% дауыс алып бірінші орынға шықты. 2004 жылы күзде мемлекеттік өкімет жүйесінде реформа жүргізілді. Губернаторларды жалпы ұлт болып сайлаудан енді Ресей президентінің ұсынысы бойынша федералдық парламенттерде бекітуге көшу басталды. Әлеуметтік салада зейнетақы, бала туғанда берілетін жәрдемақы көбейтілді, дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақысы арттырылды. Сонымен қатар әскери қызметшілерді баспанамен қамтамасыз ету шаралары қолданылды.

2008 жылы Ресей президенті Д.Медведев Ресей Федерациясының сыртқы саясаты жөніндегі жаңа тұжырымдамасына қол қойды. Бұл құжатта Ресей елінің халықаралық саясаттағы негізгі нысаналы мәселелері айқындалды және Ресей елі НАТО-ның шығысқа қарай ену саясатын ашық түрде қаламайтындығын атап көрсетіп, Украина мен Грузияның НАТО құрамына қабылдануына қарсылығын білдірді.